

егемен Қазақстан

№ 1 контртенор немесе Ерік Құрманғалиевтің дүниедегі дара дауысы



КЕҢ ЖЫЛЫОЙДЫҢ БАЛАСЫ

Вокал өнеріндегі ерекше құбылыс – Ерік Құрманғалиев айрықша тағдыр кешкен әнші. Оның әншілік тұлғасы күллі әлемнің алдында теңдесі жоқ даралық. Тілі басқа, дәстүрі бөлек алты құрлықтың адамдары оған, оның әншілік өнеріне таң дана қарады. Ерік бір халықтың перзенті болса да, оның әншілік миссиясы Отанынан шығып, таулардан асып, мұхиттардан өтіп, бүкіл әлемнің алабын аралап кетті, атағы шартарапқа жайылды.

Бүкіл адамзатқа үлкен ән мұрасын қалдырған Ерік Құрманғалиев кім еді?

Ол 1959 жылы 31 желтоқсанда Атырау облысының Жылыой ауданында, Құлсары қаласында дәрігерлер отбасында дүниеге келген. Әкесі – Сәлім Құрманғалиев хирург, анасы – Меруерт Зинешқызы Сауықова балалар дәрігері. Олар Алматы медициналық институтын тәмамдағаннан кейін жолдамамен Құлсары аудандық ауруханасына жұмысқа келген болатын. Сәлім мен Меруерттің үш ұлы болды: Серік, Ерік, Берік. Құрманғалиевтер отбасы Құлсарыда көп уақыт тұрмаған. Ерік Құлсарыда туды, бірақ

Атырау қаласында өсті. Жазғы каникул кездерінде Махамбет ауданы орталығында тұратын нағашы ата әжесіне қонаққа барып тұрды. Даланың ауасын жұтты. Желіне жүзін қақтатты. Өзі – қалалық болғанмен, жаны – далалық болған Ерік кішкентайында қой бағып, қоңырау тағып, сиыр бағып, сидаң қағып, түйе бағып, түйме таққан малсақ бала болмаған. Әйтсе де, қаймағы бұзылмаған ауыл тірлігі оны қызықтырды. Қазақ тілінде жетік сөйлеуіне әсер етті. Әлемге әйгілі әнші Құлсары топырағында өмірге келгендіктен, ол – құлсарылық. Ерік Құрманғалиевтің өзі де сұхбаттарында Құлсарыда туғанын, туған жерін мақтан тұтатынын айтқан.

Еріктің ата-бабалары Ақтөбе облысының Мұғаджар ауданы аймағын қоныс еткен. Әлімнің Шекті деген тарауынан тарайды. Шектіден–Назар–Кенегес–Танас–Жаманша–Боранқұл–Құрманғали–Сәлім–Ерік тарайды. «Талант сүйекке бітеді» дейді халық даналығы. Еріктің ата-бабалары сөзге шешен, би адамдар болған екен. Құрманғалиевтер әулетінің қантуыстығы жағынан тіл білімі саласындағы тұңғыш қазақ профессоры, түркітанушығалым Құдайберген Қуанұлы Жұбанов, қазақ жерінде тұңғыш рет оркестр құрып, дирижерлік еткен көрнекті композитор, академик, музыка зерттеушісі Ахмет Қуанұлы Жұбановтар әулетімен жақын туыстығы бар. Еріктің нағашы жұрты әйгілі Жұбановтар әулеті болып келеді.

Еріктің әкесі Сәлім Атыраудың өкпе аурулары ауруханасының бас дәрігері қызметін атқарып жүргенінде, 41 жасында кенеттен қайтыс болды. Бұл шаңыраққа ауырлық пен қасірет әкелген жылдар толқыны анасы Меруертті де Еріктің жанынан алып кетті. Әншінің сүйікті анасы Мәскеу ауруханасында, 49 жасында обыр ауруынан көз жұмды. Анасы ауырғанда Ерік Мәскеуге апарып емдеткен екен.

Атақты әншінің өнер жолы, өмір жолы осылайша «тар жол, тайғақ кешумен» басталады.

ЖАҚСЫ АДАМДАР

Ерік мектеп бітірген соң, Алматыға, Құрманғазы атындағы консерваторияның дайындық бөліміне оқуға түседі. Биік жіңішке дауысты ер әншінің классикалық туындыларды орындау шеберлігі, оның вокалдық өнері консерваториядағы ұстаздар қауымы мен музыка мамандарын таңғалдырады. Ерік сол кезде табиғат сыйлаған сирек дауысқа ие екендігін түсінеді. Опера – қазақ табиғатында жоқ өнер. Оның үстіне биік жіңішке дауысты ер әншінің аяқ астынан пайда болуы «жер астынан жік шықты, екі құлағы тік шықтының» керіндей болады. Бұл көз қарас жас жігітті мұнайтады, қамықтырады. Кейіннен Ерік оқуын Мәскеуде жалғастырды.

«Ана жылдары газеттердің бірінен әнші Ерік Құрманғалиевті кезінде Алматы консерваториясында оқыған, бірінші курстан кейін-ақ «дауысың жарамайды» деп оқудан шығарып жібергеннен соң амалсыз Мәскеуге барып түскен деген мақаланы көріп, бір орайы келгенде сол тұста консерваторияның ректоры болған Ғазиза Ахметқызынан (Ғ.Жұбанова – Ред.) осының мән-жайын сұрағанымыз бар еді. Сөйтсек, былай болған екен. Жас жігіттің тым бөлек дауысын тыңдап жүріп, ректор бір күні өзіне шақырып алады да: «Шырағым, сенің дауысыңмен жұмыс істейтін педагог бізде жоқ, мұнда дауысың өзгеріп кетеді, сен Мәскеу консерваториясына барып түс, сонда ғана бір кісі бар» деп кеңес береді. Ерік сол жазда Мәскеуге оқуға түседі. Болған-біткені сол. Қайта ректор оған жақсылық жасаған, қамқорлық көрсеткен. Жаңағы мақаладағы айып – журналист долбары», деп жазады Сауытбек Абдрахманов «Елдік сыны» кітабында. Бұл сөзді Еріктің апасы Раиса Құрманғалиева да қуаттайды.

Сөйтіп, тумысынан ерік-жігері мықты Ерік Мәскеуге жол тартады. Ерік Гнесиндер атындағы музыкалық институтқа құжат тапсырады. Институттың қабылдау емтиханында ол «Орлеан бикеші» ариясын орындайды. Қазақ баласының көкке шаншылған альт дауысы (контртенордан да биік) тыңдаушыларды қиын да қызық халге түсіреді. Таңғалу! Тағы да таңғалу! Әр сынақтан қабылдау емтиханын тапсыру үш-төрт сағатқа созылса да, өнерпаз жастың жүзінде шаршау мен қобалжудың еш белгісі сезілмейді. Оған бейнебір

аңыздарда айтылатындай сиқырлы қауырсын-қанат біткендей! Жігерлі! Шырқаған сайын қараторы көрікті келбеті нұрлана түсіп, жанған оттай ұшқын атқан үлкен қара көздері жан-жағына жалын шаша қарайды. Ол институтқа қабылданады. Сахнадағы дебюті Д.Шостакович атындағы филармонияның Үлкен залында Дж. Перголезидің «Stabat Mater» кантатасын (партия альт) орындауымен басталады. Бірақ 1-курстың соңында «Ғылыми коммунизм» пәнінен сынақ тапсыра алмай, оқудан шығарылады да, әскер қатарына шақырылады. Онда полк оркестрінде бас барабаншы болады. Әскер уақыты аяқталған соң, Гнесиндер институтындағы оқуын қайта жалғастырады.

АЛЛА ПУГАЧЕВАМЕН ДУЭТ

80-жылдардың іші. 2-курста Ерік жақын құрбысы Елена Шароева екеуі дуэт айтуға оқталады да, қай жерге вокалистер керек екенін білмек болып, Мәскеуді шарлайды. Бұл кезде белгілі дирижер Валерий Полянский композитор Альфред Шниткенің жаңа шығармасына Чайковский атындағы концерт залында репетиция жасап жатқан шағы еді. А.Шнитке бұл жаңа шығармасын Би-би-сидің тапсырысымен жазған болатын. Композитор шығармасын жазғанмен Кеңес Одағында контр-альтпен орындайтын әншіні табу мүмкін емес екенін білетін еді. «Мені тыңдаған кезде, – дейді бір сұхбатында Ерік Құрманғалиев, – Альфред Шнитке таңғалғанын жасыра алмады. Содан соң біз тығыз шығармашылық байланыста болдық». Тамаша туынды сахнада орындалғаннан кейін мэтр Ерік пен Алла Пугачеваға арнап «Доктор Фауст» кантатасын жазады. Ерік ол кезде жәй студент болса, Алла Пугачева атағы дүркіреп тұрған жұлдыз еді. Бұл дуэтті жоғары жақтағылар қаламайды. Ақырында «жеңіл әуенді эстрада әншісінің опера театрында ән салуы жарасымсыз» деген сылтаумен, Алла Пугачеваның орнын Үлкен театрдың солисткасы Раиса Котова басады.

Ерік 2-курстан бастап алғашқы гастрольдік сапарларға шығып, Кеңес Одағының барлық қалаларында концерттерін бере бастайды.

Еңбекқор, ізденгіш жас талант Мәскеу музыка институтын бітірген соң, П.И.Чайковский атындағы Мәскеу консерваториясының аспирантурасында ұстазы профессор Н.Дорлиак жетекшілігімен білімін әрі қарай жалғастырады. Профессорлар Л.Бьенер, А.Рейнольде, Ф. Кертин, Р.Кейселли сияқты білікті музыка мамандарынан мастер-класс сабағын алады. Оқи жүріп филармонияда, Стас Наминның музыкалық орталығында жұмыс істейді.

Еріктің дара тұлға болып қалыптасуына ұстазы профессор Н.Л. Дорлиак көп еңбек сіңірді. Н.Л.Дорлиак Еріктің өнердегі ұстазы ғана емес, оған өмірде анасындай қамқорлық танытқан аяулы жан. Ол кісі өзі қаражат тауып, ән нотасын жаздыртып, сахналық костюмін дайындатып, Ерікті талай рет шетелге конкурстарға алып барған.

Сондай конкурстың бірі 1987 жылы Нидерландта өткен жас орындаушылардың халықаралық конкурсы еді. Бұл конкурс Ерік үшін танымалдықтың алғашқы сатысы болды. Бұдан кейін-ақ Ерік халықаралық конкурстардан жарып шығып, лауреат болып, жұлдызы жарқырай берген, атағы аспандай берген. Өмірде қуатты қолдаушысы болған атақты профессор өмірден өткенде, Ерік ұстазының жерлеу рәсіміне бармаған. Бұл музыка мамандары мен әншілер қауымы үшін таңғалушылық емес, мәдениетсіздік саналған. Ерік үйінде бөлмесінен шықпай, үш күн бойы ұстазы әрі қамқоршысы Н.Дорлиакты аза тұтқан. Қап-қараңғы жалғыздықта. Үлкен қолдаушысынан айырылған ол өзінің енді шын жанашырсыз қалғанын жан-жүрегімен сезінгендіктен. Бұл кезде әншінің жанында болған әйелі татар қызы Алина Хабибулина Еріктің нәр татпай, ұзақ уақыттар үн-түнсіз жылағанын кейін қинала баяндаған екен...

Ерік ұстазы профессор Н.Дорлиак жетектеп апарған алғашқы конкурста, 1987 жылы Хертогенбошеде (Нидерланд) өткен жас орындаушылардың халықаралық конкурсында топ жарып, лауреат атанады. 1988 жылы Бостонда өткен халықаралық музыка фестивалінде «феномен» деп танылып, атағы әлемге жайылады. Вокал өнеріндегі ерекше құбылыс ретінде Гиннесс кітабына енеді және оны атын аңызға айналған

итальяндық әнші әйел Федора Барбьеримен қатар қойып дәріптейді. Ф Барбьери 1940 жылы алғаш рет Италияның опера сахнасына шығып, ғажайып (меццо-сопрано-контральто) дауысымен миллиондаған халықтың жүрегін жаулап алып, бірден өнердегі табыстың шырқау биіктігіне көтерілген әнші.

Ерік те табыстың шыңына тез көтерілген. Әнші туралы шетелдік басылымдар кезінде былай деп те жазған екен: «Кенес Одағында атакты әрі бай адамдардың рейтингі жоқ. Егер бар болған болса, сөз жоқ, Ерік Құрманғалиев ондыққа кірер еді!...».

«М.БАТТЕРФЛЯЙ»

1992 жылы американ драматургы Г. Хванганың «М. Баттерфляй» атты туындысы Р. Виктютің қоюында Мәскеу сахнасына шығады. Р. Виктют қойған «М. Баттерфляй» спектаклі елге аты мәшһүр болса да, актер Ерік Құрманғалиевтің өзіне аса ұнамағанға ұқсайды. «М. Нүкте. Баттерфляй». М кім? Әйел ме? Еркек пе? Сахнаға сұлу, қылықты шығыс аруының рөлін табиғи түрде, шеберлікпен сомдап шыққан актер Мәскеу басылымдарының біріне берген сұхбатында былай деп ағынан жарылған екен: «Шоуқойылымда М. Баттерфляй бейнесі саяси жезөкше, дегенменен оның жеке трагедиясы бар. «М. Баттерфляй» тақырыбы – махаббат делінеді. Махаббат арқылы саясат тақырыбын қозғайды. Бұл спектакльге мені көндіруге екі ай бойы үгіттеді. Әуелде келіспеп едім. Сондай қиналып кеттім. Мұндай шоуға қатысқанымша жеке концерт бергенім жақсы еді. Кейін ол рөлден бас тарттым. Мен кетіп қалдым. Бұдан былай «М. Баттерфляй» да сахнадан кетер деп ойлағам. Режиссер менің орныма бір контртенор жас жігітті тауыпты. Ол өзі микрофонмен айтады! Сондай жиіркенішті! Білесіз бе, бұл «М. Баттерфляй» жарты жыл гастрольмен жер-жерді аралап шығыпты. Афишасында менің аты-жөнім айшықталып жазылған. Мен мұндай сорақылықтан соң Виктютпен араласпай кеттім». Бұл сөздерінен Ерік Құрманғалиевтің өр мінезін, өнерге адалдығын, тазалығын көреміз.

«М. Баттерфляй» кезінде үлкен шулыған жасады, сонымен бірге қоғамдық пікір туғызды. Ерік Құрманғалиевтің бұл рөлін көпшілік атакты әншінің дағдарысы, әншінің ақыры деп те қабылдады. Болды, бітті, тоқтады деп те жар салушылар да болды. «М. Баттерфляй» сахнаға шыққанша Ерік екі жыл бойына жеке концерт бермеген. Өйткені, ол трансвестит-шпионның рөлін сомдаудың өте күрделі екендігін алғашқы репетициялардан ұқты. Ерік үшін бұл кез тек қана әншілік қана емес, үлкен актерлік шеберлігіне тамаша бишілігі үндескен ғажайып шақ болды. Сахнада әйелдің образын шынайы жасау Ерік түгілі, шебер актерға қиындық туғызатыны даусыз ғой. Еріктің Подольскідегі хореография училищесінде оқығаны, мықты биші болғаны да, тіпті актерлік таланты да бұл рөл үшін плюс болды. Ерік қиындықтың бәрінен өтті, сахнада ол ойнады. Еріктің дауысы тағы да биіктен естілді.

Саясатты шоу-бизнеске айналдырудың әдісі іспеттес бұл музыкалық қойылым әлемде үлкен резонанс туғызады. Шпион Сонг Линингтің рөлін шеберлікпен сомдағаны үшін Е. Құрманғалиевті Батыс «Жылдың үздік актері» деп атаған.

«СЕН КІМСІҢ, ОСЫ?!»

Әлемнің №1 контртеноры Ерік Құрманғалиев дүниенің қай қиырында да құрмет-қошеметке бөленіп жүрді. Жер бетінде неше түрлі адам болса, сонша түрлі талғам, мінез бар. Біреулер «Ерік Құрманғалиев табиғаттың қателігі» деп өкініш білдірсе, біреулері «Ерік Құрманғалиев – чудо! Таңғажайып құбылыс!» деп табынған, таңғалған сезімдерін жасыра алмады. «Сен кімсің, осы?» деп жағасына жармасып, кім екендігін дәлелдеуін талап еткендер де болды. Қазанынан асып төгілген табынулар мен таңғалулар, мақтау мен марапаттар, даттау мен дарақылықтар, моральдық және психологиялық қысымдар да жаны нәзік, сезімтал әншінің жанын күйзелтті, шаршатты. Қара барқыт шаштары иығына төгілген, үлкен қара көздері түнгі оттардай жарқылдаған, қиғаштау қалың қара қастары туған айдай көркем, қыр мұрыны мен қаймақтай ерні сұңғақтау әсем тұлғасына жараса

қалған әншіге Жаратқан берген әсем, нәзік дауыс қосылған кезде, сахнада ол – хас сұлулықтың өзіндей еді! Оған әйелдер қауымы түгілі, еркектер де қызыға қарағандай. Ол өте ерекше адам болды. Ерекшелігі – оның таңғажайып даусы еді. Әлемдегі таңғажайып жалғыз дауыс деген теңеулер де тегіннен тегін айтылмаған болар. Ерік Құрманғалиев әлемнің көптеген елінде ең таңдаулы оркестрлердің сүйемелдеуімен, жоғарғы дәрежелі дирижерлердің алқауымен Гендель, Бах, Глинка, Вивальди, Пуччини, Мейербер, Франка, Керубини, Дж. Россини, Люцци, Бизе, Верди, Каччини, Штраус, Шнитке, Шуберт, Чайковский, Рахманинов, Римский-Корсаков, т.б. композиторлардың операларындағы арияларды орындады.

Ерік 1998 жылы аты мәшһүр Пьер Карденмен танысады. Еріктің ән таспаларын тыңдап, концерттерінде құрметпен қол соғып жүрген атақты кутюрье оны Парижге, өзінің театрына шақырып, Францияда концерт беруге көмектеседі.

«МЕН – ҚАЗАҚПЫН»

Ерік Құрманғалиев Кеңес Одағындағы алғашқы контртенор болды. Кеңес Одағында бұл қалыптан тыс жағдай деп есептелді. Дегенмен, контртенор дауыс Ресей үшін биік мәртебе саналды. Ерік Құрманғалиев туралы ресейлік тер «Дауыс», «Альттің оянуы», «Сәлім-Меруерт» атты деректі фильмдер түсірді. «Аты аңызға айналған адам» деп дәріптеді.

2002 жылы Мәскеу консерваториясының Үлкен залында жеке концерт берді. Бұдан соң әнші ата-анасының құрметіне «Салим-Меруерт» деген сахналық атпен көріне бастады. Бұл жылдары Қазақстанда жеке концерт өткізбеседе, түрлі шараларға байланысты ұйымдастырылған концерттерге қатысып жүрді.

Сондай бір сәтінде (2006 жылы) жас журналист, «Айқын» газетінің тілшісі Мақпал Қаратайқызы оны Алматыда, бір концертте ұшырастырып сұхбат алады. Алғашқы сұрағын орысша қойса, даңқты әнші: «Алматыға келгенде қазақтарға қазақша сөйлесем олар маған орыс тілінде жауап береді», – деп ренжи тіл қатады. «Сіз қаншама жыл шетелде болдыңыз? Ана тіліңізді ұмытпай жүргеніңізге таңым бар!», – деп таңырқаған тілші сұрағына: «Қазақ тілін ұмытсам, менің қандай қазақ болғаным? Менің қаным қазақ емес пе? Мен тіпті қазақ тілінде ойланам ғой», – деп қуана жауап берген. «Сіз ауылды, туған жеріңізді қатты сағынып жүрсіз-ау деймін» деген тілші сұрағына орай: «Сұрамаңыз! Өте қатты сағындым! Ауылда тіпті керемет қой! Бота боздап, қой қоздап жамырап жатады. Қазақтар соғым сойып, табақтап ет жеп, ашық жарқын әңгімелесіп, жарқылдап отырады. Ғажап картина ғой! Сол картинаның ішінде сен де жүрсең ғой. Тіпті ғажап! Ал мына суретті көз алдыңызға елестетіңізші. Күн қақ төбеден шақырайып тұр. Жыбыр еткен тіршілік болсашы. Көкжиектен ешбір жан көрінбейді. Сосын алыстан бір нүктені көресің де, жанұшыра апана қарай құшақ жая жүгіресің. Қуанышыңды, қорқынышыңды көз жасыңмен анаңа төгесің! Осындай сәттерді сағындым», деп әншінің көңіл-түймесі ағытылып жүре берген. Тілші: «Сөзге шешен екенсіз» деп таңғалса, «Ауылда өскен қазақ баласының рухани бай болмауға қақысы жоқ. Өйткені, ауылдағылар табиғаттың өзінен энергия алатын қанық тіршілікпен өмір кешеді ғой» деп жауап берген. «Шаршағаныңызды қалай басасыз?» деген Мақпалдың сұрағына Ерік: «Үйге келіп, есік-терезені жауып алып, ет асам, сосын қасқырша, анығырақ айтқанда қазақтарша комағайлана жеймін ғой» деп одан әрі көсіледі.

ЖАЛҒЫЗДЫҚ

Өмірінің соңғы уақытында әйгілі әнші ешбір жерде қызмет атқармады. Келісімшарт негізінде жұмыс істеген. Темір де тозады. Темірдей жүйкенің де тозатыны бар. Өзі айтқандай, «есік-терезені жауып алып» жан жұбанышын бөтелкеден тапқан Ерік Сәлімұлының Мәскеудің ортасындағы жалғыз бөлмелі пәтерінде бағалы жиһаз болмаған. Өмірін өнеріне арнаған әнші дүние-мүлікке қызықпағанға ұқсайды. Ол үшін ең бағалы нәрсе ән ноталары және концерттік костюмдері болған екен. Бос уақытында кітап оқу

сүйікті ісіне айналған. Өзі ас дайындаудың шебері болыпты. Сүйікті асы – жылқының еті мен қызыл балық. Терезелеріне күн сәулесі өтпейтін қап-қара перде тұтқан. Тұтынған заттарының қымбат әрі қарапайым болғанын қалаған. Киген киімдерінің ақ түсті болғанын ұнатқан. Қара түс пен қараңғылық, тыныштық пен жалғыздық менің жанымды демалту үшін керек деп шешкен. Қараңғы тыныштықта диванда жатып музыка тыңдағанды ұнатқан.

Өмірінің соңғы жылдарында «Жалғызсырап жүрмін. Маған келіндерші» деп жиі айтып жүрді» дейді Алматыда тұратын апасы, әкесі Сәлімнің қарындасы Раиса апай. Оның жастығы гастроль, концерт, репетицияда өтті. Ол үнемі отбасы, неке деген шартты ұғымдар менің аяғыма тұсау салатын сияқты. Өзім өсіп-жетілу үшін әрі дауысымды бабында сақтау үшін маған еркіндік пен тыныштық көп керек деп айтатын. Концерттерден дорбалап ақша табатын. Ақшасын жинамайтын. Қалай болса солай ақшалары үйіліп, шашылып жатушы еді. Көрсек, соңынан дүние-мүлкін жинап жүретінбіз. Кейбір дүниелерге салдыр-салақ қараса да, Ерік дауысын күтуге ерекше мән беретін. Мені «Ерік Құрманғалиев еткен осы дауыстың құдіреті» деп өзіне қатаң талап қоятын ол концерт берер алдында он күн бойы ешкіммен де сөйлеспейтін, минералды сусын, айранды ғана тұтынып, диета ұстап, концерттің репетициясының ішіне кіріп кеткені сондай, сыртқы әлеммен байланысын үзетін. Ерік ешқашанда тойда, қонақта ән салмайтын. Әннің орны – сахна. Ән салшы деген адамға «концертіме келіңіз» дейтін еді.

Бұл ұстазы Дорлиактің қатаң тәртібінен қалған ережесі болуы керек. Өнер шыңына тіке апаратын аэроплан жоқ, тек ізденіс пен еңбек керек, дейді екен ұлы ұстазы оған. Ал, концерттен кейін көңілінің жайланғаны соншалық, одан өткен мырза жан жоқтай жайдарланып, өзіне-өзі ырза болып, сондай бір рахат күй кешетін. Тапқанының бәрін шашудай шашатын. Кейде судай шашатын. Еріктің мұндай шашпа мінезін біліп алған кейбіреулер оның шектен шыққан мырзалығын өз пайдаларына асырып бағып, олар да Еріктің арқасында бір марқайып, байып қалатын. Мұндай кезде оның достары екі, үш еселеніп үйіне, кейде мейрамханаға да сыймай кететін. Жанында топтана кететін жалған достардың көптігін ол білетін. Білсе де үндемейтін. Өйткені, ортасынан, қоғамынан қашып қайда барып жұмақ іздейді? Өмірінің соңғы уақытында ол елін қатты сағынды. Қазақстанға қайтқысы келді.

ЖҰМБАҒЫ МОЛ ТҮЛҒА

Леонардо до Винчи жарық дүниемен қоштасар сәтінде: «Шаршадым. Шаршағаннан өлген артық» деген екен. Өмірін кәрі Каспийдің асау толқындарындай арпалыс пен жанталас араласқан күрес майданында өткерген құбылыс-әнші, әлемдік музыка тарихының жоғары сатысына көтерілген Ерік Құрманғалиев ақырғы сәтінде не деді? Кімді ойлады? Әлде қиялындағы үнемі сағынып жүретін дала суреттерін көрді ме екен? «Мен де бір қазақтың баласы, мұсылманның үмбеті едім ғой» деп күңірене күрсінді ме екен? Кім білсін?!

2007 жылы 16 қазанда Мәскеу қаласының ауруханасына бауыры ауырып түскен әнші 13 қарашада 47 жасында жан сақтау бөлімінде қайтыс болды. Кісі табанынан, қарағай тамырынан кетеді. Туған жерге тамырын жая алмаған есіл талант өзі еріксіз тап болған қоғамнан да өзекке тебер соққы жеп, шуылдақ тобырдың қақпа қылына жем болып кете барды...

Еріктің өнерін өмірде өте жоғары құрметтеген атақты кутюрье Пьер Карден ол өлгенде де азаматтық танытты. Парижден Мәскеуге ұшып келіп, Ерікті жерлеу туралы мәсемен мэр Лужковқа шығады. Ресейдің атақты адамдары жатқан зиратта орын болмағандықтан, жерлер алдын ала сатылып қойылған екен. Содан Пьер Карден мәскеулік эмигранттарға іздеу салып, Нечаева деген атақты актрисаның Швейцарияда тұратын аса дәулетті ұлын табады. Ол Карденге «маған Парижден молама орын берсең, айырбас жасаймын» деп келісімшарт жасасып, келісіпті. Бұл жерде адамның мүрдесін өртеп, күлін қояды екен. Ерік те солай қойылған.

Өткен жылы «Московский комсомолец» газетінде Ресейдегі жоқтаушысыз қалған белгілі өнер тұлғаларының зираттары туралы мақала жарияланған еді. Қараусыз қалған сондай зираттың бірі – Ерік Құрманғалиевтің зираты деген пікір айтады. Бұл біздің жүрегімізді қозғайды. Атақты әншіге деген құрметімізді әлі де білдіре алмай келеміз-ау деген ой да көптің көкейінде жүрген ойымен үндесетін шығар дейміз.

Сәлім мен Меруерттің үш ұлы да бірінен соң бірі бақилық болды. Үлкен ұл Серік ауырып қаза тапты. Серіктен соң Ерік бақилыққа аттанды. Араға көп уақыт салмай әулеттегі үшінші ұл Берік машина апатынан қайтыс болды. Бүгінде Беріктің Әлім, Ілияс атты ұлдары Атырауда тұрады.

Ерік Құрманғалиев өмірінің, өнерінің жұлдызды шақтарын елінен жырақта, Мәскеуде өткізді. Мәскеу оның талантына, болашағына жарқын жол сілтеген қасиетті мекен болды. Мәскеуде жүріп есімдері елге белгілі мықты маман ұстаздардан білім алды, тәрбие мектебін көрді. Арасында Қазақстанға концертпен келгенде де қазақтың белгілі опера жұлдыздарымен етене жақын араласа қоймағаны айқын. Мүмкін уақыты болмаған шығар. КСРОның халық әртісі болған, атақты әнші Роза Жаманова апамызбен өмірінің соңғы кездерінде кездесіп, Ерік жайлы естелік айтуын сұрағанымда, ол кісі сырқаттанып жүргенін тілге тиек етіп: «Ерік Құрманғалиев – ғажап талант!» деді бір ауыз сөзбен жайлап қана. «Ерік туралы айтыңыздар, жазыңыздар, бұл өте дұрыс!» дегеннен артық ештеңе айтпады. Ауырып жүрген кезі еді. Аты аңызға айналған әнші апамызды бұдан әрі мазалауды артық көрдік.

Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Париждегі «Гранд Операсында» қазақтан тұңғыш өнер көрсеткен атақты опера әншісі Майра Мұхаммедқызы былай дейді: «Мәскеу сахнасында Ерік Құрманғалиевпен де бірігіп ән салдым. Ол әлем мойындаған әнші болса да, қарапайым еді. Ерікпен таныстырған талантты пианист Теміржан Ержанов болатын. Теміржан қазір Америкада тұрады. Бір өкініштісі, Ерік өмірден ерте кетті. Аз жасаса да, көп іс тындырып кетті. Мәскеуге, Чайковский атындағы конкурсқа барғанымда, Ерік репетицияға келіп, тындап, ақыл-кеңесін айтып, көмектесіп жүрді. Елбасы Н.Ә.Назарбаев Ерік Құрманғалиевтің өнерін жоғары бағалап, оны «Қазақстанның халық әртісі» құрметті атағымен марапаттады. Мұның өзі Ерікке берілген үлкен баға деп есептеймін».

ТАЛАНТ ТАҒДЫРЫ

Ерік Құрманғалиев – жұмбағы ішінде жасырынған адам. Кезінде Мәскеу баспасөзіне берген сұхбатында: «Маған моральдық қолдаудан басқа ештеңе керек емес» деген екен. Еріктің табиғаты, болмысы ерекше. Турашылдық пен намысқойлық, нәзіктік пен ақылдылық, ақсүйектік пен сәнқойлық, табандылық пен еңбекқорлық, ұшқалақтық пен қызуқандылық, интеллектілік пен ізеттілік, қарапайымдылық пен тәкаппарлық сияқты сан түрлі мінез оның бойында көрініс тапты. Ол үнемі өзгермес бір қалыпта тұра алмас еді. Өйткені, ол – табиғи талант! Кейде – көктем, кейде – қыс, кейде – көл, кейде – шөл. Өр өзеннің ағысы ешқашанда тоқтамайды емес пе?! Талант табиғаты сарқырап аққан сол өр өзендей. Олай болатыны, шын талант, мінезді талант қолдан жасалған жасанды канал емес. Ол сыймайды, ол кейде өзіне өзі сыймай кетеді. Кейде ол өзгені емес, өзін-өзі түсінбей қалуы мүмкін. Сондықтан да, ол кейде көзге шыққан сүйелдей сүйкімсіз.

Ерік Құрманғалиев таңғажайып дауысты әнші болды. Осындай қалыбымен, осындай қалпымен ол ешкімге ұқсамайды және ешкімді қайталамайды. «Нағыз талант жан-жақты болады» дегендей, ол тамаша биші, мықты актер де болды.

Қазақтың сахара даласында туып, әлемнің алпауыт елдерінің сахнасында миллиондарды таңғалдырып, таңғажайып өнер көрсету кез келгеннің маңдайына бұйырмаған бақ. Сирек дауысты әншілік қасиетте – кез келгеннің таңдайы мен маңдайына қонбаған алтын бұлбұл. Осы тұрғыдан қарағанда, Ерік Құрманғалиев бақытты әнші. Ол өз заманында танылды, мойындалды, бағаланды. Талантқа тән болмыс-бітіммен өмір сүрді. Тағдыры оны тереңге де батырды, жағалауға да лақтырды, шырқау биікке де көтерді,

шыңырауға да тастады. Ол күресті. Дара біткен дауысы үшін күресті. Өзімен өзі күресті. Ол қорғады. Өзін емес, дауысын!

Оның Алла тағала берген ешкім тартып ала алмайтын баға жетпес байлығы – сол бір ғажайып дауыс еді. Дауыс біткен күні мен де өшермін деді. Санадан ұмытылармын деді. Ол қорықты...

«Даусы біткен даңқты әнші болғаннан, Әнім артық еш даңқсыз шырқаған» деп Меңдекеш Сатыбалдиев жырлағандай, ол «дауысы біткен даңқты әнші» болғаннан қорықты...

Алайда, дауысы емес, бауыр ауруының асқынған сырқаты әйгілі әншінің өмірін үзіп кетті. Ерік Құрманғалиевтің ғажайып алыт Дауысы бүкіл әлемді өзіне жалт қаратып, мойнын бұрғызды! Таңырқатты, тамсантады! Ойландырды, толқытты. «Қайдан келген бұл ғажайып дауыс» дегізіп, кітап, нота кемірген талай ғұлама ақбастардың басын ауыртты.

Ақыр аяғында Ерік Құрманғалиевтің «даңқты әнші дауысы» көктегі жұлдыздарға жақындай түсіп, аңыздарға арқау болар мәңгілікке жол тартты...

Маржан ЕРШУ
филология ғылымдарының кандидаты.